



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

## **Сапа бойынша есеп**

**2020 жылға**

**Қазақстан Республикасы халқының шығыстары  
мен табыстары**

## Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік-кіріспе
- S.3 Мета деректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескеру мен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы.

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті.

### S.1.3 Байланыс адамының аты

#### S.1.3.1 Жұманова Нағима Асқарқызы

#### S.1.3.2 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Наталья Евгеньевна Белоносова

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ө.сол жағалауы, Мәңгілік Ел 8 көшесі,  
Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

[n.zhumanova@aspire.gov.kz](mailto:n.zhumanova@aspire.gov.kz)

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-98-00.

## S.2 Өзектілік-кіріспе

Бұл статистикалық байқау тұрмыс деңгейі бойынша. Байқауды өткізу мақсаты үй шаруашылығының шығыстары мен табыстары туралы мәліметтерді алу болып табылады.

Қолдану саласы - ұлттық шоттар жүйесінде үй шаруашылықтар секторының шоттарын құрастыру үшін; тұтыну бағаларының индексін есептеу үшін салмақтау көрсеткіштерін алу; материалдық әл-ауқат деңгейі бойынша халықты бөлу туралы деректерді алу.

Пайдаланушылар - жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар.

### S.3 Мета деректерді жаңарту

#### S.3.1 Жаңартылған мета деректерді соңғы растау

Қолданылмайды.

#### S.3.2 Мета деректерді соңғы орналастыруы

Қолданылмайды.

### S.3.3 Мета деректердің соңғы жаңаруы

Қолданылмайды.

### S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

#### S.4.1 Деректерді сипаттау

Ақшалай шығыстарға тұтыну шығыстары, туыстар мен таныстарға материалдық көмек, алименттер, салықтар, төлемдер және басқа да төлемақылар, кредит пен қарызды өтеу кіреді.

Тұтыну шығыстары – тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бағытталған үй шаруашылықтарының халықтың ақшалай шығыстарының бөлігі. Тұтыну шығыстарына азық-түлік тауарлары, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтерді сатып алуға кеткен шығыстар кіреді.

Азық-түлік тауарларының шығыстары тамақ өнімдері мен алкогольсіз сусындарды сатып алуға, үйден тыс тамақтануға (асханалар, дәмханалар, мейрамханаларда), алкогольді ішімдіктер мен темекі бұйымдарын сатып алуға кеткен шығыстардан құрылады.

Азық-түліктік емес тауарларды сатып алуға кеткен шығыстарға киім, аяқкиім, маталар, жиһаз, үйге қажетті заттар, тұрмыстық техникалар, ұзақ пайдаланатын тауарлар, жеке гигиена заттары, автокөлік құралдары және соларға арналған жанар-жағар май материалдары және басқа да азық-түліктік емес тауарларға кеткен шығыстар кіреді.

Ақылы қызметтердің шығыстары тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің төлемдері, көлік және байланыс, білім беру, денсаулық сақтау, киімдерді, аяқкиімді, тұрмыстық техниканы, жабдықтарды жөндеу бойынша қызметтер және басқа да қызмет түрлеріне кеткен шығыстардан құралады.

Тұтыну шығыстарының құрылымын пайдалану түрлері бойынша осы шығыстардың деңгейі мен құрамы анықтайды, яғни тамақ өнімдерін сатып алуға кеткен үй шаруашылығы шығындарының үлесін, үйден тыс тамақтану, алкогольді ішімдіктер, темекі бұйымдары, азық-түліктік емес тауарлар мен ақылы қызметтерді сатып алуға кеткен шығындардың үлесін сипаттайды. Тұтыну шығыстарының құрылымы жеке тұтынудың мақсаттары бойынша жіктеуішіне (МЖТЖ) сәйкес келтірілген.

Туысқандарға, таныстарға материалдық көмек, алименттер, туыстарға, достарға, таныстарға берілетін өтеусіз ақшалай көмек және кәмелетке толмаған балаларды асырауға; ата-ананың күтіміне; неке бұзылған кезде жұбайына көмек ретінде үй шаруашылығы бюджетінен төленетін алименттер кіреді.

Салықтар, төлемдер және басқа да төлемақылар – жылжымайтын мүліктің, жердің, көлік құралдарының салығы, барлық сақтандыру түрлері бойынша жарналар, мүшелік жарналар, алымдар, айыппұлдар, өсімақылар.

Кредит пен қарызды өтеу – кредит пен қарызды өтеуге төленетін сома.

Ақшалай табыстарға еңбек қызметінен түскен табыс, әлеуметтік трансферттер және өзге де ақшалай түсімдерден түскен табыстар кіреді.

Еңбек қызметінен түскен табыс – бұл жалдану және өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табыстар. Үй шаруашылығы мен еңбек нарығын зерттеу әдіснамасына сәйкес, ауылшаруашылық өнімдерін сатудан түскен табыс еңбек қызметінен түскен табысқа (өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табыстың құрама бөлігі ретінде) кіреді.

Жалдамалы жұмыстан түскен табыс – бұл жалақы, ынталандыру жалақыларының барлық түрлері, жалақыға үстемеақылар, қаламақылар, сыйақылар және жұмыс орны бойынша жұмысшылардың алатын жәрдемақылары.

Өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыстар – өз бетінше жұмыспен қамтылу негізінде тауарлар мен қызметтерді өндіруден алынған ақшалай және заттай нысандағы табыс.

Әлеуметтік трансферттер – зейнетақы, әлеуметтік атаулы көмек және тұрғын үй көмегі, жәрдемақылар және шәкіртақылар.

Халықтың өзге де ақшалай табыстары ақшалай табыстардың мынадай түрлерін: меншіктен, тұрғын үйді жалға беруден, банктердегі салымдар (депозиттер) бойынша пайыздар, лотерея бойынша ұтыстардан, салымдардан, казинолардан, викториналардан, мұрагерліктен, жол апаты болғанда автокөлік құралдарын сақтандыруды алудан және өзге де жағдайлардан түскен табыстарды есепке алады.

Меншіктен түскен табыс – акциялар және басқа да бағалы қағаздар

бойынша дивиденділер мен ұтыстар; салымдардан пайыздар, қарыз түрінде ұсынылған соманы пайдаланғаны үшін, салымдар бойынша ұтыстар; тұрғын үйді, көлік құралдарын, техникаларды, жер учаскелерін жалға беруден түскен табыстар, сондай-ақ ақшалай мәнде, заттай түсімдер түріндегі рандье табыстар.

Туысқандар мен таныстардан материалдық көмек – туысқандар мен таныстардан өтеусіз алынған сома, сондай-ақ ақшалай мәндегі заттай түсімдер.

Алименттер – неке бұзылғанда кәмелетке толмаған балаларды, ата-аналарын асырауға, жұбайының көмегіне мұқтаждыққа алынған сомалар.

Халықтың тұтынуға жұмсаған табыстарына тұтыну шығыстары (өндірістік қызметке және қорланымға капитал салусыз) және өзі өндірген өнімдердің заттай түрдегі құны (ақшалай мәндегі) мен трансферттер кіреді.

Жеке шаруашылықта өндірілген тұтыну өнімдерінің құны – бұл жеке шаруашылықта өндірілген немесе туысқандары мен таныстарынан сыйлық ретінде алынған тұтынылған тамақ өнімдері және басқа да тауарлардың құндық бағасы. Тамақ өнімдерінің заттай түсімінің құндық бағасы өңірлердегі тауарларды сатып алудың орташа бағалары бойынша жүргізіледі, ол зерттеу кезеңі ішінде үй шаруашылықтары сатып алған азық-түлік тауарларының саны мен құны туралы деректер негізінде есептеледі.

Заттай мәнде ұсынылған демеуқаржы мен жеңілдіктердің құны – ол тауарларды сатып алуға немесе қызметтердің төлеміне жұмсалатын әртүрлі демеуқаржылар мен жеңілдіктердің нақты құнын толық немесе жартылай түрде өтеу үшін үй шаруашылығы мүшелері алған ақшалай эквиваленттегі баға. Мұнда сондай-ақ кәсіпорындар, ұйымдар, әкімшіліктер және тағы басқалардан тауарлармен көтермелеудің ақшалай бағасы есептеледі. Жұмыс берушілермен қатар, барлық деңгейдегі бюджеттерден демеуқаржылар мен жеңілдіктер алу да есептеледі. Бағалау сұралған үй шаруашылығы мүшелерінің сөзі бойынша жүргізіледі.

#### S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ЭАОЖ-Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;

2) ЭҚЖЖ-Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

Аталған жіктеуіштер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі - Ұлттық статистика бюросы) [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет ресурсындағы басты бетте «Жіктеуіштер» бөлімінде орналастырылған.

#### S.4.3 Секторлық қамту

Байқауға халықтың тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеуге қатысатын барлық үй шаруашылықтары жатады.

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Зерттеуге 12000 үй шаруашылығы қатысады. Бақылау типі - іріктемелі. Сауал салу «Үй шаруашылықтарының табыстары мен шығыстары бойынша тоқсан сайынғы сұрақнама» Д004 нысаны бойынша арнайы дайындалған интервьюерлердің үй шаруашылықтарына баруы арқылы сұхбат жүргізу әдісімен жүзеге асырылады.

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі айдың 20- күніне дейін.

Нысан 2019 жылы қайта қаралған, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы 19 желтоқсандағы №14 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 желтоқсанда № 19764 болып тіркелді) және Бюроның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында қол жетімді.

#### S.4.5 Статистикалық объект

Үй шаруашылығы

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Бас жиынтыққа коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, карттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде, балалар үйлерінде, түрмелерде, қонақүйлерде, діни бірлестіктер мен басқа да ұқсас тұрғын үй-жайларда тұратындарды қоспағанда тұрғын үй-жайлардың барлық типтерінде тұратын үй шаруашылықтары кіреді. Сондай-ақ іріктеудің түпкілікті бірлігі ретінде айқындалған үй шаруашылығы зерттеу бірлігі де болып табылады. Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастыру үшін «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің компоненті «Тұрғын

үй қоры статистикалық тіркелімі» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ТҚСТ) негізгі дерекқор болып табылады.

Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығы іріктемені қалыптастырудың әрбір сатысынан стратификациялау және кездейсоқ іріктеу рәсімдерін пайдалана отырып, іріктеменің екі сатылы ықтимал (кездейсоқ) әдісімен қалыптастырылады. Стратификациялау рәсімі халықты жіктеудің аумақтық ерекшеліктерін нақпа-нақ көрсететін үй шаруашылықтарының көрнекі іріктемелі жиынтығын қалыптастыруға бағытталған.

### **2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бас жиынтық бойынша халық пен үй шаруашылықтарының саны**

	жағдай бойынша бас жиынтық бойынша халықтың саны, адамдар*			Бас жиынтық бойынша үй шаруашылықтарының саны, үй шаруашылығы**		
	барлығы	қалалық жер	ауылдық жер	барлығы	қалалық жер	ауылдық жер
<b>Қазақстан</b>						
<b>Республикасы</b>	18 837 614	11 110 185	7 727 429	5 548 101	3 550 071	1 998 030
Ақмола	735 481	349 258	386 223	251 817	131 138	120 679
Ақтөбе	893 669	640 373	253 296	250 581	185 385	65 196
Алматы	2 077 656	455 007	1 622 649	616 189	149 084	467 105
Атырау	657 118	357 796	299 322	150 139	85 542	64 597
Батыс Қазақстан	661 172	348 181	312 991	192 702	108 404	84 298
Жамбыл	1 139 151	454 029	685 122	300 209	128 698	171 511
Қарағанды	1 375 788	1 099 495	276 293	439 328	362 854	76 474
Қостанай	864 529	504 906	359 623	314 942	192 014	122 928
Қызылорда	774 947	325 364	449 583	160 093	72 824	87 269
Маңғыстау	719 559	287 718	431 841	169 329	82 175	87 154
Павлодар	751 011	530 209	220 802	238 913	171 786	67 127
Солтүстік Қазақстан	543 679	253 181	290 498	198 072	93 635	104 437
Түркістан	2 044 551	417 640	1 626 911	398 498	90 400	308 098
Шығыс Қазақстан	1 363 656	851 381	512 275	512 829	341 672	171 157
Нұр-Сұлтан қаласы	1 184 469	1 184 469	-	371 407	371 407	-
Алматы қаласы	1 977 011	1 977 011	-	680 452	680 452	-
Шымкент қаласы	1 074 167	1 074 167	-	302 601	302 601	-

\*Байқоңыр қаласының халқын есепке алмағаннан басқа демографиялық статистиканың деректері

\*\*Үй шаруашылығы бойынша орта көрсеткіштерді қалыптастыру үшін есептеу жолымен анықталды

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстары, республикалық маңызы бар



қалалар мен астана).

#### S.4.8 Қамту уақыты

2001 жылдан бастап Қазақстан Республикасы халқының табыстары мен шығыстары қалыптастырылады.

#### S.4.9 Базалық кезең

Өткен жылмен салыстырылады.

#### S.5 Өлшем бірлігі

Мың қазақ теңгесі

#### S.6 Есепті кезең

Тоқсан

#### S.7 Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамалық тәртібімен Бюроның бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 8 қыркүйекте № 6459 болып тіркелді) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы 27 қарашадағы №154 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі

5. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 10 маусымда № 6283 болып тіркелді) Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010

жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелді) «Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары».

7. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау.

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік беріледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық–деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді) «Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары».

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30

қарашадағы № 292 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 желтоқсанда № 14568 болып тіркелді) «Ресми статистикалық ақпаратты электронды түрде қалыптастыру және тарату бойынша әдістеме».

## S.9 Жарияланымдар саясаты

### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257 Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтары. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖЖРА ҰСБ-ның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

### S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Деректер Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) ресми сайтында және «Талдау» [taldau.stat.gov.kz](http://taldau.stat.gov.kz) ақпараттық-талдау жүйесінде орналастырылған.

## S.10 Тарату жиілігі

тоқсан

## S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламаларының шығарылымы қарастырылмаған.

### S.11.2 Жарияланымдар

1) «Қазақстан Республикасы халқының табыстары мен шығыстары» статистикалық бюллетені халықтың табыстары мен шығыстары туралы деректерді қамтиды. Деректерді бас жиынтыққа таратумен үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеуінің нәтижелері бойынша деректері республика бойынша және өңірлер бөлінісінде келтірілген. Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында Ресми статистика - Тұрмыс деңгейі

статистикасы - Бюллетеньдер бөлімінде орналастырылған;

2) «Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі» жыл сайынғы статистикалық жинақтың 3 және 4 - бөлімдерінде республика бойынша халықтың шығыстары мен табыстары туралы жылдық деректер бар. Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында Ресми статистика – Жарияланымдар - Статистикалық жинақтар бөлімінде орналастырылған.

#### S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» АТЖ Бюроның ресми сайтында мына сілтеме бойынша орналасқан: Негізгі / Талдау ақпараттық-талдау жүйесі / Негізгі / Тұрмыс деңгейі статистикасы.

##### S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған.

#### S.11.4 Микро деректерге қолжетімділік

Микродеректерге қолжетімділік жоқ. Заңның 8-бабының 6-тармағына сәйкес сәйкестендірілмеген түрінде деректер базаларын ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді) Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі.

#### S.11.5 Өзгеде

##### S.11.5.1 АС2. Метадеректер–кеңестер

Іске асырылмаған.

#### S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

##### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

«Тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеуін ұйымдастыру және өткізу әдістемесі» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 31 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 3 шілдеде № 20922 болып тіркелді;

«Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін

құру әдістемесі» ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы «14» желтоқсандағы № 202 бұйрығымен бекітілген;

Барлық әдіснама Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтының халықтың тұрмыс деңгейі бөлімінде орналастырылған.

#### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Ұлттық статистика бюросының Сапа саласындағы мақсаттары, тиісті құрылымдық бөлімшінің сапа саласындағы мақсаттары.

3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

#### S.13 Сапаны басқару

##### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлданған рәсімдермен құпталады:

-бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.

- тауарлардың, өнімдерің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;

- алғашқы деректерді жинау мен өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленді және енгізілді;

- алғашқы деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңнамамен бекітілді;

- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада);

- іріктемелі жиынтықтарды ротациялау.

#### S.13.2 Сапаны бағалау

- БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясының Қазақстан Республикасының статистикалық жүйесінің жаһандық бағасы (2008ж., 2017ж.).

- Тұрмыс деңгейі статистикасының әдіснамасы халықаралық салғастырымдылықта, «Қазақстан Республикасы халықтың шығыстары мен табыстары» бюллетені деректері негізінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті, Еуразиялық экономикалық комиссиясының халықаралық сұрақнамалары толтырылады.

#### S.14 Өзектілік

##### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар. Ұлттық шоттар жүйесінде үй шаруашылықтары секторының шоттарын құрастыру; тұтыну бағаларының индексін есептеу үшін салмақтау көрсеткіштерін алу; халықты материалдық әл-ауқат деңгейі бойынша бөлу туралы деректерді алу.

##### S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

«Үй шаруашылықтарының табыстары мен шығыстары бойынша тоқсан сайынғы сұрақнама» Д-004 нысанының қорытындысы бойынша қалыптастырылған деректерге қанағаттанушылық мәніне пайдаланушыларға сауалнама жүргізілмейді. Ұлттық статистика бюросы, жылдық негізде Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауал салу жүргізеді.

##### S.14.3 Толықтығы/R1. Деректердің толықтығы-үлес

Қолданылмайды.

#### S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

##### S.15.1 Жалпы дәлдік

Статистикалық бағалау дәлдігінің көрсеткіштері ретінде келесі көрсеткіштер: іріктеменің стандартты қатесі және іріктеменің қатыстық стандартты қатесі қолданылады.

Іріктеменің стандартты қатесі осы параметрдің іріктемелік ортақ мәнінен

іріктеме параметрі мәнінің стандартты ауытқуы болып табылады.

Қатыстық стандартты қате бұл бағаланатын статистикалық шаманың ортақ мәніне қатынасы болып табылады.

Іріктеменің стандартты қатесі (SE) – бас жиынтықтағы параметрдің нақты мәнінен іріктемені бағалаудың ықтимал болатын ауытқу шамасын көрсетеді.

Іріктеменің стандартты қатесі келесі формула арқылы анықталады:

$$SE = \frac{\delta\sqrt{Deff}}{\sqrt{n}}$$

мұндағы,  $\delta$  – дисперсия;

$Deff$  –іріктеме дизайнының ықпалы (сәйкесінше қала және ауыл үшін 1.0 және 2.0 құрайды);

$n$ –іріктеме көлемі.

Іріктеменің қатыстық стандартты қатесі (RSE) мына формула бойынша анықталады:

$$RSE = \frac{SE}{\bar{x}}$$

мұндағы,  $SE$  – іріктеменің стандартты қатесі;

$\bar{x}$  –қатысты стандартты қатенің шамасын бағалау үшін пайдаланған ауыспалы орта мән.

Сенімділікті бағалауды есептеу тұрмыс деңгейін зерттеудің негізгі көрсеткіштері – тұтынуға жұмсалған табыс, ақшалай табыс, ақшалай шығыс, тұтыну шығыстары бойынша жүзеге асырылады.

### **2020 жылғы тұрмыс деңгейінің іріктемелі зерттеу нәтижелерін бағалау дәлдігінің көрсеткіштері**

	Зерттеу көрсеткіштері (айына орташа бір адамға, теңге)	Стандартты қате	Салыстырмалы стандартты қате, пайызбен	Шекті қате
Тұтынуға жұмсалған табыс	61 358	162,5	0,28	318,6
Ақшалай шығыс	59 701	160,7	0,28	314,9
Ақшалай табыс	62 035	164,1	0,27	321,8
Тұтыну шығыстары	55 439	144,5	0,28	283,1

### S.15.2 Іріктеме қатесі-индикаторлар/А1.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы «14» желтоқсандағы № 202 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесіне сәйкес статистикалық бағалау дәлдігінің көрсеткіштері ретінде іріктеменің стандартты қатесі және іріктеменің стандартты салыстырмалы қатесі пайдаланылады. Іріктеме көлемі республикалық деңгейде 4%-дан және өңірлік деңгейде 7%-дан аспайтын қатесі бар нәтижелерді алуды қамтамасыз етеді.

Әрбір стратадағы іріктелген алғашқы іріктемелі бірліктер (бұдан әрі – АІБ) саны және әрбір АІБ-дағы үй шаруашылықтарының саны, сондай-ақ олардың өңірлер бойынша бөлінуі Кестеде келтірілген.

#### **Страталар бойынша алғашқы іріктемелі бірліктердің бөлінуі (қалалық және ауылдық жер)**

	Үй шаруашылықтарының саны			АІБ саны		
	барлығы	қалалық жер	ауылдық жер	барлығы	қалалық жер	ауылдық жер
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>12000</b>	<b>6540</b>	<b>5460</b>	<b>400</b>	<b>218</b>	<b>182</b>
Ақмола	840	360	480	28	12	16
Ақтөбе	780	360	420	26	12	14
Алматы	720	240	480	24	8	16
Атырау	510	300	210	17	10	7
Батыс Қазақстан	660	240	420	22	8	14
Жамбыл	630	270	360	21	9	12
Қарағанды	960	600	360	32	20	12
Қостанай	810	360	450	27	12	15
Қызылорда	600	240	360	20	8	12
Маңғыстау	540	330	210	18	11	7
Павлодар	840	360	480	28	12	16
Солтүстік Қазақстан	660	270	390	22	9	13
Түркістан	600	210	390	20	7	13
Шығыс Қазақстан	900	450	450	30	15	15
Нұр-Сұлтан қаласы	600	600	-	20	20	-
Алматы қаласы	810	810	-	27	27	-
Шымкент қаласы	540	540	-	18	18	-



Салыстырмалы стандартты қатенің шамасын бағалау үшін ауыспалы мән ретінде зерттеу үшін едәуір маңызды болып саналатын көрсеткіш пайдаланылады. Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша мұндай көрсеткіштерге «тұтынуға жұмсаған орташа жан басына шаққандағы табыс», «орташа жан басына шаққандағы ақшалай табыс», «орташа жан басына шаққандағы ақшалай шығыс», «тұтыну шығыстары» жатады.

Төмендегі кестелерде 2020 жылға арналған тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеуінің нәтижелері бойынша негізгі көрсеткіштердің дәлдігін бағалау көрсеткіштері келтірілген.

Кестелерде ұсынылған деректер көрсеткіштердің алынған дәлдігін бағалаулар өңірлік деңгейде айтарлықтай сенімді болып табылатындығының куәсі. Салыстырмалы стандартты қателік коэффициентінің мәні Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Ақшалай шығыстар» көрсеткіші бойынша 1,19% максималды мәнді қабылдайды. Осылайша, бұл көрсеткіштің бағасы сенімді (салыстырмалы стандартты қателік коэффициентінің мәні 5% -дан аз). Шекті іріктеу қатесінің максималды мәні Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Ақшалай табыс» көрсеткіші бойынша 1953 теңгені құрайды, яғни 95% ықтималдықпен «Ақшалай табыс» көрсеткішінің шынайы мәні 37437 – 83 720 теңгені аралығында.

**2020 жылғы тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу нәтижелері бойынша «Ақшалай табыстар» көрсеткішінің дәлдігін бағалау сипаттамасы**

	Орташа мән	Республикалық деңгеймен салыстыру	Дисперсия	Стандартты ауытқу	стандартты қате	Салыстырмалы стандартты қате	Шекті іріктеу қатесі
<b>Қазақстан Республикасы</b>	60667,2	100,00	1083985233,8	32923,9	164,10	0,27%	321,6
Ақмола	62285,5	102,67	1116957722,7	33420,9	680,50	1,09%	1333,8
Ақтөбе	56637,1	93,36	743388593,4	27265,2	514,71	0,91%	1008,8
Алматы	56028,0	92,35	967968659,2	31112,2	641,52	1,15%	1257,4
Атырау	58189,6	95,92	864687074,0	29405,6	634,32	1,09%	1243,3
Батыс Қазақстан	58459,7	96,36	966106695,7	31082,3	648,82	1,11%	1271,7
Жамбыл	47794,0	78,78	478700210,1	21879,2	448,20	0,94%	878,5
Қарағанды	71168,6	117,31	1401707705,9	37439,4	703,65	0,99%	1379,2
Қостанай	68114,9	112,28	978338780,4	31278,4	662,80	0,97%	1299,1
Қызылорда	49836,0	82,15	448851379,0	21186,1	395,12	0,79%	774,4
Маңғыстау	73191,3	120,64	1220959154,5	34942,2	749,24	1,02%	1468,5
Павлодар	61726,9	101,75	968207077,1	31116,0	601,73	0,97%	1179,4
Солтүстік Қазақстан	67174,6	110,73	1087496084,0	32977,2	786,51	1,17%	1541,6
Түркістан	37436,7	61,71	206431549,8	14367,7	261,36	0,70%	512,3
Шығыс Қазақстан	66592,2	109,77	1444907813,0	38011,9	768,90	1,15%	1507,0
Нұр-Сұлтан қаласы	83720,3	138,00	1808037805,4	42521,0	996,43	1,19%	1953,0
Алматы қаласы	77795,3	128,23	1573929383,9	39672,8	852,44	1,10%	1670,8
Шымкент қаласы	49593,5	81,75	357406364,1	18905,2	437,65	0,88%	857,8

**2020 жылғы тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу нәтижелері бойынша «Тұтынуға пайдаланылған табыс» көрсеткішінің дәлдігін бағалау сипаттамасы**

	Орташа мән	Республикалық деңгей мен салыстыру	Дисперсия	Стандартты ауытқу	стандартты қате	Салыстырмалы стандартты қате	Шекті іріктеу қатесі
<b>Қазақстан Республикасы</b>	58830,4	100,00	1063492391,1	32611,2	162,5	0,28%	318,57
Ақмола	64630,1	109,86	1060598736,8	32566,8	663,1	1,03%	1299,70
Ақтөбе	52730,5	89,63	666038193,3	25807,7	487,2	0,92%	954,91
Алматы	67620,2	114,94	1414160828,5	37605,3	775,4	1,15%	1519,80
Атырау	52846,1	89,83	396258064,7	19906,2	429,4	0,81%	841,64
Батыс Қазақстан	51410,9	87,39	545109228,3	23347,6	487,4	0,95%	955,23
Жамбыл	47956,8	81,52	444853022,0	21091,5	432,1	0,90%	846,84
Қарағанды	72790,0	123,73	1772236718,9	42097,9	791,2	1,09%	1550,77
Қостанай	58204,6	98,94	826855441,4	28755,1	609,3	1,05%	1194,29
Қызылорда	48088,6	81,74	419809007,2	20489,2	382,1	0,79%	748,97
Маңғыстау	52623,1	89,45	324799501,7	18022,2	386,4	0,73%	757,42
Павлодар	64577,6	109,77	1208602356,2	34765,0	672,3	1,04%	1317,70
Солтүстік Қазақстан	68708,3	116,79	1377320565,0	37112,3	885,1	1,29%	1734,86
Түркістан	39798,7	67,65	206390618,0	14366,3	261,3	0,66%	512,22
Шығыс Қазақстан	66409,1	112,88	1649067075,5	40608,7	821,4	1,24%	1610,00
Нұр-Сұлтан қаласы	68004,5	115,59	1038112733,9	32219,8	755,0	1,11%	1479,87
Алматы қаласы	85831,9	145,90	2347515806,0	48451,2	1041,1	1,21%	2040,47
Шымкент қаласы	45743,2	77,75	262300674,1	16195,7	374,9	0,82%	734,85

**2020 жылғы тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу нәтижелері бойынша «Ақшалай шығыс» көрсеткішінің дәлдігін бағалау сипаттамасы**

	Орташа мән	Республикалық деңгеймен салыстыру	Дисперсия	Стандартты ауытқу	стандартты қате	Салыстырмалы стандартты қате	Шекті іріктеу қатесі
<b>Қазақстан Республикасы</b>	56769,0	100,00	1039148059,2	32235,8	160,7	0,28%	314,90
Ақмола	60727,9	106,97	1030503628,7	32101,5	653,6	1,08%	1281,13
Ақтөбе	50228,6	88,48	677079971,2	26020,8	491,2	0,98%	962,79
Алматы	63239,5	111,40	1242431421,2	35248,1	726,8	1,15%	1424,54
Атырау	52761,2	92,94	395492287,3	19887,0	429,0	0,81%	840,83
Батыс Қазақстан	46362,3	81,67	537873541,1	23192,1	484,1	1,04%	948,87
Жамбыл	46928,6	82,67	440763982,1	20994,4	430,1	0,92%	842,94
Қарағанды	70867,6	124,84	1767931843,0	42046,8	790,2	1,12%	1548,88
Қостанай	54192,0	95,46	811795596,1	28492,0	603,8	1,11%	1183,37
Қызылорда	47425,1	83,54	409893850,9	20245,8	377,6	0,80%	740,07
Маңғыстау	52623,1	92,70	324799498,7	18022,2	386,4	0,73%	757,42
Павлодар	61593,4	108,50	1181426509,8	34371,9	664,7	1,08%	1302,80
Солтүстік Қазақстан	64996,4	114,49	1285353944,1	35851,8	855,1	1,32%	1675,94
Түркістан	38931,3	68,58	201257278,0	14186,5	258,1	0,66%	505,81
Шығыс Қазақстан	63150,9	111,24	1669377260,9	40858,0	826,5	1,31%	1619,88
Нұр-Сұлтан қаласы	67715,6	119,28	1029296025,3	32082,6	751,8	1,11%	1473,57
Алматы қаласы	85810,7	151,16	2346758837,1	48443,4	1040,9	1,21%	2040,15
Шымкент қаласы	45698,3	80,50	262556309,8	16203,6	375,1	0,82%	735,21

**2020 жылғы тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу нәтижелері бойынша «Тұтыну шығысы» көрсеткішінің дәлдігін бағалау сипаттамасы**

	Орташа мән	Республикалық деңгеймен салыстыру	Дисперсия	Стандартты ауытқу	стандартты қате	Салыстырмалы стандартты қате	Шекті іріктеу қатесі
<b>Қазақстан Республикасы</b>	52317,5	100,00	840018307,0	28983,1	144,45	0,28%	283,1
Ақмола	54021,4	103,26	787488253,3	28062,2	571,39	1,06%	1119,9
Ақтөбе	44970,4	85,96	536134128,5	23154,6	437,11	0,97%	856,7
Алматы	59597,2	113,91	1049299286,5	32392,9	667,93	1,12%	1309,1
Атырау	47821,0	91,41	278913280,1	16700,7	360,26	0,75%	706,1
Батыс Қазақстан	42487,4	81,21	415540970,6	20384,8	425,52	1,00%	834,0
Жамбыл	44462,8	84,99	409826948,1	20244,2	414,70	0,93%	812,8
Қарағанды	60820,1	116,25	1325057744,9	36401,3	684,14	1,12%	1340,9
Қостанай	49128,0	93,90	593912879,1	24370,3	516,42	1,05%	1012,2
Қызылорда	43115,8	82,41	342505707,4	18506,9	345,16	0,80%	676,5
Маңғыстау	51843,1	99,09	300314904,7	17329,6	371,59	0,72%	728,3
Павлодар	56873,4	108,71	990773182,3	31476,5	608,70	1,07%	1193,1
Солтүстік Қазақстан	57277,6	109,48	948657547,1	30800,3	734,59	1,28%	1439,8
Түркістан	38285,2	73,18	194288477,9	13938,7	253,56	0,66%	497,0
Шығыс Қазақстан	58431,6	111,69	1314414821,1	36254,9	733,36	1,26%	1437,4
Нұр-Сұлтан қаласы	62080,8	118,66	711649889,0	26676,8	625,14	1,01%	1225,3
Алматы қаласы	82567,2	157,82	2115419641,1	45993,7	988,26	1,20%	1937,0
Шымкент қаласы	43798,0	83,72	255622966,3	15988,2	370,12	0,85%	725,4

**S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате**

Іріктемемен байланыссыз емес қателерге сараптама талдау жүргізілмейді.

**S.15.3.1 Қамту қатесі**

Зерттеу барысында тұрғын үйдің табылмауына немесе онда қоныстанбауына немесе үй шаруашылығы зерттеуге қатысудан бас тартуына байланысты үй шаруашылығына сауал жүргізу мүмкін болмайтын жағдайлар орын алуы мүмкін. Зерттеуге қатысудан бас тарту орынсыз құбылыс болып табылады, өткені іріктеменің көлемін қысқартады және негізінен іріктеменің ықтималығы жылыстауының көзі болып табылады және бұрмаланған

статистикалық нәтижелерге алып келеді. Деректерді алмау проблемасынан өтудің ең тиімді профилактикасы әрбір жағдайды егжей-тегжейлі құжаттау болып табылады. «Алмастыруды болдырмау» қағидатын сақтау бойынша қиындықтар туған жағдайда, әрбір кластерде үй шаруашылықтарының санынан 1/3 мөлшерінде (әрбір интервьюерге 10 үй шаруашылығынан) үй шаруашылықтарының резервтік тізімі көзделген. Жалпы алғанда әрбір кластерде 40 тұрғынжай таңдап алынады: атаулы іріктемеде – 30 және алмастырылатыны – 10. Сонымен қатар деректерді толық ала алмау жағдайларының орнын толтыру үшін сол елді мекендегі барлық жауап берген үй шаруашылықтары үшін үлкен салмақтар беру арқылы салмақтарды түзетудің қарапайым сызбасы қолданылатынан атап өткен жөн. 2020 жылы зерттеуге қатысудан бас тартуы 3,5%-ды құрайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру-үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер-арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4.Жауап жоқ болу бірлігі–үлесі

Деректерді ала алмау іріктемелі бірлік зерттеуге мүлдем қатыспаған немесе оған ішінара қатысқан жағдайда орын алады. Деректерді толық ала алмау жағдайларының орнын толтыру үшін сол елді мекендегі барлық жауап берген үй шаруашылықтары үшін үлкен салмақтар беру арқылы салмақтарды түзетудің қарапайым сызбасын қолдану ұсынылады. Сол елді мекенде үй шаруашылықтарының барлық сұрақтарына жауап бергендердің салмағы сол бір коэффициентке арттырылады.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы–үлесі

Белгілі бір сұрақтар бойынша деректер болмаған жағдайда мәндерді жүктеу (импутациялау) әдісі қолданылады. Бұл әдіс жекелеген позиция бойынша жоқ деректерді аталған объекті бойынша немесе аталған зерттеудің басқа объектілері бойынша қолда бар басқа ақпаратты есепке ала отырып, болжам жасалатын мәндермен алмастыруға негізделген.

## S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

### S.16.1 Уақыттылық

#### S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі—алғашқы нәтижелер

«Қазақстан Республикасы халқының табыстары мен шығыстары» бюллетенінде тоқсандағы алғашқы нәтижелер респонденттер алғашқы статистикалық ақпаратты ұсынғаннан кейін 70-күні жарияланады және түпкілікті болып табылады. Шығарылым күні Статистикалық жұмыстар жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланған және бекітілген.

#### S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі—соңғы нәтижелер

Нәтижелер түпкілікті болып табылады.

### S.16.2 Ұқыптылық

#### S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 76 бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады. Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2020 жылға жариялау мерзімінің бұзылуы болған жоқ (сайтта 2021 жылдың 13 сәуірде жарияланды).

## S.17 Салыстырмалылық

### S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

#### S.17.1.1 Қазақстан Республикасы аумақтарының шегінде.

S.17.1.2 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы— коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

#### S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Халықтың табыстары мен шығыстарының динамикалық қатары 2001 жылдан бастап салыстырмалы және үздіксіз.

#### S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

2001 жылдан бастап уақытша қатарлардың салыстырмалылығы бар.

## S.18 Келісушілік

### S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі 2010 жылға арналған «Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу үшін жаңа іріктемені әзірлеу» бірлескен экономикалық зерттеу жобасын іске асыру шеңберінде Дүниежүзілік банк сарапшыларының ұсынымдары негізінде әзірленді.

Аталған Әдістеме әлемдік тәжірибеде қабылданған іріктемені құру әдістеріне сәйкес келеді және сапалы статистикалық деректер алуды қамтамасыз етеді.

### S.18.2 Ішкі келісушілік

## 2020 жылғы Қазақстан Республикасы халқының шығыстары мен табыстары



2020 жылдың деректері бойынша жан басына шаққандағы орташа табыс 62 035 мың теңге болды, ал шығыстар 59 701 мың теңгені құрады. Халықтың табысы құрылымында ең көп үлесті (67%) еңбек қызметінен түсетін кірістер (еңбекақы, ынталандыру төлемдерінің барлық түрлері, үстемеақылар мен сыйлықақылар, жалдамалы және жалдамалы емес жұмыс негізіндегі жалақыға) қаламақылар алады.

Шығыстар құрылымының үлкен бөлігі (53,9%) азық-түлік тауарларына




(тамақ өнімдері, алкогольсіз және алкогольді сусындар, үйден тыс тамақтану), шығыстардың төрттен бір бөлігі азық-түліктік емес тауарларға (киім, аяқкиім, жиһаз, дәрі-дәрмектер, жанар-жағармай және басқа да тауарлар) жұмсалады.

Ақылы қызметтер барлық шығыстардың (коммуналдық қызметтер, білім беру, байланыс, көлік, денсаулық сақтау) 1/4 бөлігін құрайды.

### 2016-2020жж. Қазақстан Республикасы халқының шығыстары мен табыстары

жылына халықтың орташа жан басына шаққанда, теңге



Экономикалық көрсеткіштер арасындағы байланыс нысанын анықтау үшін қарастырылатын екі көрсеткіштің тәуелділік дәрежесін (корреляция коэффициентін) есептейтін корреляциялық талдау әдісі қолданылады.

Корреляция коэффициентінің мәні айнымалылар арасындағы байланыстың күшін көрсетеді. Айнымалылар арасындағы корреляция коэффициенттерінің байланысының күшін бағалау кезінде Чаддок шкаласы қолданылады (корреляция коэффициенті 0,1-0,3 тең – айнымалылар байланысы әлсіз, 0,3-0,5 – орташа, 0,5-0,7 – байқалатын, 0,7-0,9 жоғары, 0,9-0,99 өте жоғары).

Корреляция коэффициенті  $-1$ -ден  $+1$ -ге дейінгі мәндерді қабылдайды. Теріс корреляция коэффициенті көрсеткіштердің кері байланысты екенін көрсетеді. Корреляция коэффициенті нөлге тең болғанда, айнымалылардың бір-бірімен байланысы болмайды.

**2020 жылға арналған халықтың ақшалай табыстары (тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша), орташа айлық атаулы жалақы және халықтың номиналды ақшалай кірістері аралығындағы корреляциялық байланыс**

теңге

	Ақшалай табыс, теңге	Орташа айлық атаулы жалақы, теңге	Халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табысын бағалау
<b>Қазақстан Республикасы</b>	62 035	213 003	116 126
Ақмола	63 112	168 302	107 224
Ақтөбе	61 006	182 923	98 360
Алматы	55 609	168 313	86 606
Атырау	58 034	367 799	215 076
Батыс Қазақстан	62 351	195 410	112 319
Жамбыл	47 789	156 846	80 516
Қарағанды	75 531	203 806	130 552
Қостанай	69 674	171 319	105 856
Қызылорда	49 994	178 174	85 142
Маңғыстау	71 417	317 611	141 506
Түркістан	64 421	187 427	119 334
Павлодар	68 280	157 497	103 292
Солтүстік Қазақстан	36 916	158 762	63 443
Шығыс Қазақстан	70 975	190 287	111 632
Астана қаласы	83 704	302 504	174 396
Алматы қаласы	77 834	247 951	164 721
Шымкент қаласы	49 581	161 329	75 725
Ақшалай табыс арасындағы корреляция және орташа айлық жалақысы			0,43
Ақшалай табыс арасындағы корреляция және жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табыс			0,63
Орташа айлық жалақы және жан басына шаққандағы номиналды ақшалай кіріс арасындағы корреляциялық байланыс			0,91

Ақшалай табыс пен орташа айлық жалақы арасындағы корреляциялық байланыс оң және қалыпты. Бұл көрсеткіштер арасындағы корреляция 2020 жылы 0,43 құрады.

Ақшалай табыстар мен жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табыстар арасындағы корреляциялық байланыс оң, байқалады. Бұл

көрсеткіштер арасындағы корреляция 2020 жылы 0,63 құрады.

Орташа айлық жалақы мен жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табыстар арасындағы корреляция оң және өте жоғары. Бұл көрсеткіштер арасындағы корреляция 2020 жылы 0,91 құрады.

### S.19 Жүктеме

Интервьюер хронометраждың деректері бойынша Д004 толтыруға бір үй шаруашылығына 3 сағат жұмсайды. Бір интервьюердің жүктемесі 30 үй шаруашылығы

### S.20 Деректерді қайта қарау

#### S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

Нысан соңғы рет 2019 жылы қайта қаралды, статистикалық нысан Бюроның ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) интернет-ресурсындағы Респонденттерге – 2020 жылғы статистикалық нысандар – Жылдық нысандар бөлімінде орналастырылған. 2020 жылы Ресми статистикалық ақпаратты қайта жариялау болған жоқ.

### S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

#### S.21.1 Бастапқы деректер

Деректер жиынтығы үй шаруашылықтарына сауалнама (сауал салу) жүргізуге негізделген.

Осы зерттеу үшін үй шаруашылықтары іріктемені қалыптастырудың әрбір сатысынан стратификациялау және кездейсоқ іріктеу рәсімдерін пайдалана отырып, іріктеменің екі сатылы ықтимал (кездейсоқ) әдісімен қалыптастырылады. Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастыру үшін Тұрғын үй қорының тіркелімі (бұдан әрі - ТҚТ) ақпараттық база болып табылады. Зерттеу бірлігі ретінде үй шаруашылығы айқындалған, іріктеме көлемі 12 мың үй шаруашылығын (бас жиынтықтан 0,3%) құрайды.

#### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Тоқсандық

#### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректер жиынтығы үй шаруашылықтарына сауалнама (сауал салу) жүргізуге негізделген. Деректерді жинау Д004 «Үй шаруашылықтарының

табыстары мен шығыстары жөніндегі тоқсан сайынғы сұрақнама» статистикалық нысанын толтыру арқылы қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

#### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректерді өңдеу рәсімі деректерді редакциялауды, импутацияны және агрегаттауды қамтиды. Өндеудің бірінші кезеңінде деректер базасын редакциялау және оны жұмыс қалпына келтіру жүзеге асырылады. Ол үшін бақылаудың мынадай түрлері жүргізіледі:

1) экстремалдық мәндерді (аутлайерлер) анықтау үшін бақылау. Көрсеткіштердің экстремалдық мәндерінің аясы интервалдан тыс орналасады, оның шекарасы орташа квадратты ауытқу шамасына көрсеткіштердің орташа мәнінен ауытқуымен айқындалады;

2) сандық көрсеткіштердің ең жоғарғы және ең төменгі мәндері талданады;

3) респонденттерден келіп түскен ақпараттың сапасын бағалау. Осы мақсатпен сұрақнаманың әрбір бөлімінің ішінде логикалық бақылау жүйесі құрылады, ол енгізу қателерін, сондай-ақ үй шаруашылықтары тарапынан болатын тіркеу қателерін жоюға мүмкіндік береді: үй шаруашылықтарының әдеттегідей емес шығыстары (экзотикалық азық-түлік өнімдерін немесе үй жануарларын тамақтандыру үшін қымбат тұратын азық-түлік өнімдерін сатып алу), тұрғын үй алаңы жалпы алаңнан үлкен болмауы тиіс;

4) әр түрлі статистикалық нысандардан алынған ақпараттың логикалық байланысына негізделген бақылау. Екі жақты сұраулардың көмегімен сұрақнамалар арасындағы өзара байланыс тексеріледі, нысандарды толтырудың толықтығы бақыланады.

#### S.21.5 Импутация-үлесі/A7

Тұрмыс деңгейі бойынша үй шаруашылықтарының іріктемелі зерттеуін ұйымдастыру және өткізу әдістемесіне сәйкес деректерді өндеудің екінші кезеңі импутация – жетіспейтін жауаптарға шамаларды меншіктеу болып табылады. Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеуде зерттеу нысандары, сондай-ақ олардың жекелеген сұрақтары бойынша жауабы жоқтарының белгілі бір пайызы бар. Жауаптардың болмауынан туындайтын

қателіктерді болдырмау мақсатында өңдеу кезінде жетіспейтін ақпараттың орнын толтыру басты міндет болып табылады. Тоқсандық сұрақнама болмаған жағдайда оны импутациялау жүргізілмейді, үй шаруашылығы зерттеуден шығарылады және күнделіктегі барлық жазбалар өңдеуге қатыспайды.

#### S.21.6 Түзету

Деректерді түзету тікелей статистикалық байқау жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

##### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүргізілмейді.

#### S.22 Ескерту

Бюро деректердің сапасын қамтамасыз ету және пайдаланушылардың статистикалық деректерге қанағаттанушылығын арттыру бойынша жұмысты тұрақты негізде жүргізеді. Осыған байланысты пайдаланушылардың тұрмыс деңгейі бойынша статистикалық деректеріне қажеттілігін ескере отырып, бұдан әрі деректердің сапасын қамтамасыз ету және деректерді халықаралық деңгейде салыстыруды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғастырылады.